

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сұйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі № 564 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 тамызда № 11854 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.08.2016 № 372 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереже 15-тармағының 67) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.11.2022 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сұйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.11.2022 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға оның жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы

Т. Жақсылықов
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 24 шілдедегі
№ 564 бұйрығымен
бекітілген

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды
консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер құнын айқындау әдістемесі**

**Ескерту. Әдістеме жаңа редакцияда – КР Ұлттық экономика министрінің м.а.
20.04.2018 № 160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен
соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жөніндегі бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет қаражатын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және ұсынымдық сипатқа ие.

2. МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтердің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтер) құнын орталық және жергілікті атқарушы органдар осы Әдістемеге сәйкес айқындаиды.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық экономика министрінің 15.11.2022
№ 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң
қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер:

1) жекеше әріптесті конкурс тәсілімен айқындау кезінде:

жекеше әріптесті немесе концессионерді таңдау бойынша екі кезеңдік конкурс өткізілген жағдайда жоба бойынша ақпараттық парапақ әзірлеуді;

жекеше әріптесті немесе концессионерді таңдау бойынша бір кезеңдік конкурс өткізілген жағдайда МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеуге немесе түзетуге техникалық тапсырма әзірлеуді қоса алғанда, жоба бойынша ақпараттық парапақ әзірлеуді;

жекеше әріптесті немесе концессионерді таңдау бойынша бір кезеңдік конкурс өткізілген жағдайда қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі – ЖСҚ) объектінің нақты алаңына байланыстыру құнын есептеумен жоба бойынша, әзірленген ЖСҚ бар жобалар бойынша, сондай-ақ техникалық тұрғыдан күрделі болып табылмайтын, үлгілік жобалар, үлгілік жобалық шешімдер және ТЭН қажет етпейтін қайта қолданылатын жобалар негізінде іске асырылатын жобалар бойынша ақпараттық парақ әзірлеуді;

екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурстың бірінші кезеңі шенберінде техникалық тапсырма әзірлеуді;

екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті немесе концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізілген жағдайда

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның ТЭН әзірлеу бойынша техникалық тапсырманы әзірлеуді қоса алғанда, конкурстың құжаттама әзірлеуді;

жекеше әріптесті немесе концессионерді таңдау бойынша бір кезеңдік конкурс өткізілген жағдайда құрамында ТЭН бар конкурстың құжаттама әзірлеуді;

жекеше әріптесті немесе концессионерді таңдау бойынша бір кезеңдік конкурс өткізілген жағдайда ЖСҚ объектінің нақты алаңына байланыстыруды, әзірленген ЖСҚ бар жобалар бойынша және (немесе) техникалық тұрғыдан күрделі болып табылмайтын, үлгілік жобалар, үлгілік жобалық шешімдер негізінде іске асырылатын ЖСҚ әзірлеуді және ТЭН қажет етпейтін, қайта қолданылатын жобаларды қоса алғанда, конкурстың құжаттама әзірлеуді;

әлеуетті инвесторларды іздеу және тарту жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде жария таныстырылымдар, роуд-шоу, конференциялар, жарнамалық науқандар өткізуі;

МЖӘ, оның ішінде концессия шартының жобасын әзірлеуді;

жекеше әріптестің немесе концессионердің кредиторлармен тікелей келісімінің жобасын әзірлеуді;

бекітілген конкурстың құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар (түзетулер) енгізуі;

Конкурстың және концессиялық өтінімдерді қарau және таңдау жөніндегі комиссияның жекеше әріптесті немесе концессионерді таңдау бойынша конкурсқа қатысушымен келіссөздер жүргізу процесінде консультациялық қызметтер көрсетуді, сондай-ақ келіссөздерге қатысады;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстың өтінімдерін тәуелсіз бағалауды қамтиды.

2) жекеше әріптесті тікелей келіссөздер тәсілімен айқындау кезінде:

жекеше әріптеспен келіссөздер процесінде бизнес-жоспарды бекіткенге дейін консультациялық қызметтер көрсетуді, оның ішінде:

өтінім қабылдауды сүйемелдеуді, бизнес-жоспарды алдын ала бағалауды;

біліктілікті іріктеу кезінде сұйемелдеуді; бизнес-жоспар бойынша келіссөздерге қатысады; бизнес-жоспарды сараптау, түзету шенберінде сұйемелдеуді; жекеше әріптеспен келіссөздер процесінде МЖӘ шартына қол қойылғанға дейін консультациялық қызметтер көрсетуді, оның ішінде: МЖӘ шартын алдын ала бағалауды, оны түзетуді; МЖӘ шарты бойынша келіссөздерге қатысады; МЖӘ шартын сараптау, түзету шенберінде сұйемелдеуді қамтиды.

2-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сұйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын есептеу

4. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның ерекшеліктеріне байланысты нақты көрсетілетін қызметтің құнын есептеу үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сұйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтің құнына түзету коэффициенттері осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес тиісті коэффициенттер сомасын 1 адам-сағат құнына және нормативтік енбек шығындарына көбейту жолымен пайдаланылады:

$$P = cx \ln(k_1+k_2+\dots) + \exp, \text{ мұнда:}$$

P – қосылған құн салығын есепке алмағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сұйемелдеу бойынша көрсетілетін қызмет құны;

c – көрсетілетін қызметтердің өнім берушісінің республикалық жобалар бойынша 1 адам-сағат құны (қосылған құн салығын есепке алмағанда, 6 358,57 (алты мың үш жүз елу сегіз теңге елу жеті тиын*) теңге);

1 – қызмет көрсетуге арналған базалық нормативтік енбек шығындары, осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес;

k – көрсетілетін қызметтер құнына түзету коэффициенттері;

exp – осы Әдістеменің 5-тармағына сәйкес жоба алдындағы және жобалық құжаттаманы дайындауға жұмысалатын шығыстар (қажет болған жағдайда).

Жергілікті жобалар бойынша адам-сағат құны консультациялық сұйемелдеу көрсететін занды тұлғаны айқындайтын тиісті құқықтық актімен бекітіледі.

5. Бір кезеңдік конкурс бойынша конкурстық құжаттаманы әзірлеу құнына техникалық тапсырманы, жобаның ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге арналған шығыстар кіреді.

Жобалық құжаттаманы дайындау бойынша жұмыс құнын, сондай-ақ үлгілік жоба болған жағдайда ЖСҚ байланыстыру бойынша шығыстарды есептеу "Құрылыштағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Индустрىя және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 223-НҚ бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 20.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың ерекшеліктерін ескере отырып, көрсетілетін қызметтердің өнім берушісі жобалар үшін жоба алдындағы құжаттаманы әзірлеу (түзету) бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, үшінші тараптардың көрсетілетін қызметтерін тартады.

*республикалық жобалар үшін (жергілікті жобалар үшін жергілікті атқарушы органдар айқындауды).

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларын, оның
ішінде концессиялық
жобаларды консультациялық
сүйемелдеу бойынша
көрсетілетін қызметтер күнын
айқындау әдістемесіне
1-қосымша

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын (бұдан әрі – МЖӘ), оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер күнына түзету коэффициенттері

№	Ерекшелік	Коэффициент мәні, k
1	Кұрылыштың болжамды құны:	
	4 000 000 айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) тәмен	0,8 дейін
	4 000 000 АЕК-тен жоғары	1,2
2	Жобаның күрделілігіне және бірегейлілігіне байланысты салалық коэффициент:	
	құны 4 000 000 АЕК-тен тәмен жобалар үшін;	1
	құны 4 000 000 АЕК-тен жоғары аналогтары бар жобалар үшін;	2
	құны 4 000 000 АЕК-тен жоғары аналогтары жоқ жобалар үшін.	3
3	Сараптама қорытындыларын алу қажет болған кезде	0,5
	Екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурсның бірінші кезеңі шеңберінде	

4	келіссөздер процесіне консультациялық көрсетілетін қызметтерді тарту кезінде, техникалық ұсыныстарды беру бойынша техникалық тапсырманы әзірлеу кезінде	0,5
5	Жобаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын және техникалық тапсырмаларды әзірлеу кезінде	0,2
6	Конкурстық құжаттама кезеңінде технико-экономикалық негізdemесін (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеуге техникалық тапсырманы әзірлеу кезінде	0,4
7	Жобаның ТЭН әзірлеу қажет болған кезде	1
8	МЖӘ жобасының немесе концессиялық жобаның бекітілген ТЭН немесе жобалық-сметалық құжаттамасы (бұдан әрі – ЖСҚ) болған кезде	(-0,5)
9	Конкурстық құжаттаманы әзірлеу кезеңінде ТЭН түзету кезінде	0,6
10	Конкурстық құжаттаманы әзірлеу кезеңінде ЖСҚ түзету кезінде	0,5
11	ЖСҚ нақты аланға байланыстыру кезінде	0,5
12	ЖСҚ байланыстыру құнын есептеу кезінде	0,5
13	Конкурстық өтінімдерге тәуелсіз бағалау жүргізу кезінде конкурстық өтінімде ТЭН болған кезде	1
14	МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша қызметтер ұсыну мақсаттары үшін үшінші тараптардың консультациялық көрсетілетін қызметтерін тарту кезінде*: құны 4 000 000 АЕК-тен төмен аналогтары бар жобалар үшін; құны 4 000 000 АЕК-тен жоғары аналогтары бар жобалар үшін; құны 4 000 000 АЕК-тен жоғары аналогтары жоқ жобалар үшін.	1 2 3

* бюджеттік бағдарламалар әкімшісі айқындаиды

эріптестік жобаларын, оның
ішінде концессиялық
жобаларды консультациялық
сүйемелдеу бойынша
көрсетілетін қызметтер күнын
айқындау әдістемесіне
2-қосымша

Көрсетілетін қызметтің бір бірлігіне базалық нормативтік еңбек шығындары

p/c №	Көрсетілетін қызмет түрі	1, адам-сағат
1	Концессионерді немесе жекеше әріптесті таңдау бойынша конкурсты ұйымдастыру кезеңінде көрсетілетін қызметтер, оның ішінде:	3500 дейін
1.1	Екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурстың бірінші кезеңі шенберінде жоба бойынша ақпараттық парақты, оның ішінде техникалық тапсырманы әзірлеу	1500 дейін
1.2	Конкурстық құжаттаманы, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) (концессия) шартының жобасын әзірлеу	1500 дейін
1.3	Әлеуетті инвесторларды іздеу және тарту бойынша іс-шаралар откізу	500 дейін
2	Концессионерді немесе жекеше әріптесті таңдау бойынша конкурс откізу кезеңінде көрсетілетін қызметтер, оның ішінде:	2300 дейін
2.1	Комиссияның жекеше әріптесті немесе концессионерді таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуышымен келіссөздер процесінде консультациялық көрсетілетін қызметтер, сондай-ак келіссөздерге қатысу	500 дейін
2.2	Конкурстық отінімдерді тәуелсіз бағалау	300 дейін
2.3	Жекеше әріптестің немесе концессионердің кредиторларымен тікелей келісімді бағалау және пысықтау	1500 дейін
3	Бизнес-жоспар бекітілгенге дейін тікелей келіссөздерді сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер	800 дейін

МЖӘ шартына кол қойылғанға
дейін тікелей келіссөздерді
сүйемелдеу бойынша көрсетілетін
кызметтер 1000 дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК